



Сыр бойы

№51
(20524)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

4 сәуір, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ALLUR ЖОҒАРЫ ИНЖЕНЕРЛІК МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Allur компаниялар тобы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьевті қабылдады.

Мемлекет басшысына компанияның машина жасау саласын дамыту, инженерлердің біліктілігін арттыру және шетелден инвестиция тарту жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Президентке бүгінде 6 мыңнан астам отандасмыз еңбек етіп жатқан өндіріс орындары мен компанияның перспективті жобалары туралы баяндалды. Қостанай қаласында онтүстік корейлік Kia корпорациясымен бірлесіп, Kia автомобильдерін шығаратын жана зауыттың құрылысы басталады.

Сонымен қатар Андрей Лаврентьев білім беру саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Компания Қостанай автомобиль көлігі колледжінде техникалық мамандықтарды мемлекеттік тілде оқытатын курс ашты. Студенттерді дуальді оқыту жөнінде оқу орындарымен жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Allur жоғары инженерлік мектебі ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде отандық машина жасау саласын дамытудың маңыздылығын, жергілікті инженерлердің және техникалық мамандардың біліктілігін арттырудың өзекті екенін атап өтті.

ЖАНАР- ЖАҒАРМАЙ ҚЫМБАТТАЙДЫ

«Ішкі жанар-жағармай нарығын тұрақтандыру үшін Қазақстан мен көршілес елдер арасындағы баға айырмашылығын азайту қажет. Сондықтан біз қиын, бірақ қажетті қадам жасауымыз керек».

Күні кеше Энергетика министрінің міндетін атқарушы Болат Ақшолоақов осылай деп мәлімдеді. Оның айтуынша, АИ-92 және АИ-93 маркалы бензинге баға литріне 182-187 теңгеден 205 теңгеге дейін өспек. Баға өсімі өңірлерге байланысты болатын тәрізді. Дизель отынының бағасы литріне 295 теңгені құраса, орташа есеппен өсім – 20 пайыз.

Қазіргі төмен бағамен қанша жанармай өндірілсе де, барлық сұранысты қамтамасыз ете алмайды. Бағалар арасындағы айтарлықтай айырмашылыққа байланысты көрші елдерге «ағын» жалғаса береді, оның көлемі арта түседі. Ешқандай шектеулер нәтиже бермейтін көрінеді.

«Жанармай бойынша төмен бағаны сақтау мұнай-газ саласына инвестиция тарту, оны дамытуға, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, ресурстық базаны жақсартуға мүмкіндік бермей отыр» деп толықтырды Б.Ақшолоақов.



БЕЛЕС



Ашық дерек көзден алынды

ГАЗДАНДЫРУ:

ҚАЛАҢЫҢ ҚАРЫМЫНА ҚАРАЙЛАС АУЫЛДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Былтыр облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аудандарға жұмыс сапары кезінде сәуір айында Қазалы ауданында Қазалы қаласын, сондай-ақ шілдеде Шиелі ауданына қарасты «Ақмая», «Алғабас» ауылдарын «көгілдір отынға» қосу салтанатты шарасына қатысқан болатын. Сол уақытта аймақ басшысы табиғи газ тіршілікті жеңілдетіп қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға, орман қорын сақтауға зор мүмкіндік беретінін, елді мекен тұрғындары газ игілігін көрсе, әлеуметтік жағдайы жақсарып, тұрмысы түзелетінін ерекше атап айтқан еді. Бүгінге дейінгі жетістік қандай? Таратып көрелік.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

3-бет

ТОСЫН ТАБИҒАТ

ҚАТТЫ ЖЕЛДЕН ҚАНША ЗАЛАЛ КЕЛДІ?

«Сәуір болмай, тәуір болмас» деп жүргенде осы айдың алғашқы күндері қолайсыз басталды. Облыстың басым бөлігінде екпінді жел соғып, кей бөлігінде шаңды дауыл тұрды. Қатты желдің салдарынан әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің шатырлары ұшып, қауіпті жағдай туындады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

«Казгидромет» РМК облыс бойынша филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жөкелованың айтуынша, 31 наурыз-3 сәуір аралығында өңірде суық антициклонның салдарынан шаңды дауыл мен екпінді жел болды. Жел жылдамдығы секундына 18-23 метр, кей жерлерде 23-28 метрге дейін жеткен.

Қолайсыз табиғат құбылысына байланысты төтенше жағдайлар департаменті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дабылды ескерту жасады. Сондықтан біз тұрғындардан хабарламаларға мұқият назар аударуын сұраймыз. Мұндай ауа райы алдағы бір-екі күнде сақталады деп күтілуде. Одан кейін желдің беті қайтып, қайтадан қалыңға түседі. Ауа райы 18-23

градус аралығында жылынып, оңтүстік аудандарда 28 градусқа дейін көтеріледі. Сондай-ақ сәуір айында өткініш жаңбыр мен найзағай күтілуде, – деді Ә. Жөкелова.

Қатты жел салдарынан облыста 24 нысанға зақым келген. Олардың ішінде 7-і – білім беру, 9-ы – әкімшілік, 3-і – мәдениет ғимараттары болса, 2-і – көпқабатты, 3-і – жеке тұрғын үй.

Қазір келтірілген залал мөлшері есептелуде. Бұл максатта қала және аудан әкімдіктері жанынан арнайы комиссиялар құрылған. Алдағы уақытта қалпына келтіру жұмыстары жасалады, – деді облыс әкімі аппараты төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бөлімінің басшысы Ағайша Сматава.

Ал «Қызылорда электр тарату компаниясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нұрбай Ізтілеуовтің айтуынша, электр желдерінде ақаулар болды. Бағаналар құлап, соның салдарынан жарық өшіп қалды.

Олардың барлығы қазір қалпына келтірілді. Бұл бағытта арнайы бригадалар уақытпен санаспай жұмыс жасады. Қазір электр желінде ешқандай ақау жоқ. Жарық қалыпты деңгейде тұтынушыларға жеткізіліп отыр, – деді Н.Ізтілеуов.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

ТАСТҰҒЫРДЫҢ ТАЛҒАММЕН ТҰРҒАНЫ ИГІ

«Сыр бойы» газетінде Президент қозғаған мәселеге орай жазылған Мәдениет қайраткері А.Кененбаевтың мақаласы қоғамға қозғау салатындай-ақ дүние екен. Елдің іші-сыртын қажеттісі бар, қажетсізі бар тастұғырларға толтырып тастағанымыз өтірік емес.

Есіме авар халқының ақыны, жазушы, Социалистік Еңбек ері Расул Гамзатовтың «Журавли» әні түсіп отыр. Кезінде бұл ән Кенес одағының гимнідей болған елі-ау. Жас кезімізде гитарамен өзіміз де айттық. Тыңдаған жанды бейжай қалдырмайтын. Тарихын көпшілік біледі деп ойлаймын.

Р.Гамзатов СССР мәдениет қайраткерлері делегациясы құрамында Жапонияға барған сапарында Хиросима құрбандарына орнатылған ескерткішті көріп, ерекше әсер алады. Атом бомбасы жарылысынан айықпас дертке ұшырап ауруханада жатқан қаршадай қыз Садako айғып кетемін деп жапон ырымына сөйкес қағаздан мың тырна жасауға жанын салған. Бірақ үкілі үміті соңғы тырнаға келгенде үзілген. Орталық алаңда қойылған ескерткіште осы оқиға көрініс тапқаны авар ақынының айықпас дерттей жан азабына айналған.

Елге келгесін қызметтік іссапарында Газдановтар отбасына орнатылған ескерткішті көріп, толқыныстан кейін 1965 жылы «Журавли» әні өмірге келеді. Әннің тууына Солтүстік Осетияның шағын селосындағы соғыста жеті ұлынан «қара қағаз» алған ананың жеті тырнаны өз қолымен көкке ұшырып тұрған ескерткіші себеп болған.

Ал шындығында селонның көнекөз қариялары айтқандай, қарт әке мен ананың соғысқа аттанған жеті ұлынан бірінен соң бірі «қара қағаз» келе бастайды. Бесінші ұлының қазасынан соң қайғыны көтере алмай анасы өмірден өтеді. Ал жетінші ұлының қайғылы хабарын әкеле жатқан пошташыны көрген қарт әке басқышта немересін құшақтап отырған күйі көз жұмған. Осы ескерткішке арналған «Журавли» әні Кенес одағы ыдыраса да өз күндізін жойған жоқ деп ойлаймын.

Ескерткіштер елдің енесін тіктеп, рухын оятуға, сана-сезімін серпілтуге септігін тигізіп жатса, одан ұғылмасмыз анық. Мемлекет басшысының бұған қоса «Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскеден ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Әкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын» деуі халықтың ойынан шығатыны және елеулі өзгеріске жол ашатыны сөзсіз...

Әлімжан ҚИЯС,
Әйтеке би кенті



Ашық дерек көзден алынды

**БЕЛЕС**

Газдандыру:

қаланың қарымына қарайлас ауылдар көбейіп келеді

ТАҚЫРПҚА ШЕГІНІС

2004 жылға дейін аудан түгілі, облыс орталығы үйді жылыту үшін көмір пайдаланып келді. Ал газ толтырылған баллон әр отбасында бар еді. Күнделікті асты сонымен дайындайтын. Содан соң «Қызылорда қаласының жылу көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру» жобасы басталды. Қазір жиырма жылға жуықтаған газдандыру жұмысының нәтижесі аймақ бойынша 70 пайызды құрап отыр.

Иә, сол 2004 жылы Қызылорда қаласына «көгілдір отын» келді. 2013 жылға дейін жалғасқан жұмыс 2014-2015 жылдары Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылы, сондай-ақ Қазалы, Арал, Шиелі, Жанакорған аудандарының орталығы газға қосылды. Араға бір-екі жыл салып облыс орталығына жақын орналасқан Белкөл кенті мен Талсуат елді мекенінің халқы да осы игілікті көргені бар.

Газ тарту оңай жұмыс емес. Алдымен қысымды есептейтін, табиғи газ жеткізуде үлкен рөлі бар автоматтандырылған газ тарту станциялары салыну керек. 2017-2018 жылдары Жосалы, Теренөзек, Жалағаш кентіне арнайы жоба жасалып, газ тарту станциялары салына бастады. Ал 2021 жылы аталған үш ауданның орталығынан бөлек, Шиелідегі Ш.Қошаманов, Н.Бекжанов, Ақмая ауылына газ құбыры тартылды. Айтпақшы, осы аралықта, яғни, 2019-2020 жылдары Аралдағы Жаксыкылыш кенті, Шиелінің Байсын ауылы, Қазалыға қарасты Ғ.Мұратбаев және қала маңындағы Қарауылтөбе елді мекендері де «көгілдір отынның» қызығын көре бастады. Бұған облыс орталығындағы Сырдария өзенінің сол жағалауын газдандыру жобасын да қосып айта аламыз.

Бытырғы жұмыстар да көз алдымызда. Республикалық бюджеттен 10 жобаға қаржы берілді. Атап айтсақ, олар қалаға қарасты Ж.Махамбетов пен Наурыз, Жанакорғандағы Бірлік пен Қыраш, Аралдағы ең үлкен елді мекеннің бірі — Сексеуіл кенті және ондағы газ тарту станциясы, Төретам мен Ақай ауылы, Қазалы ауданындағы бір-біріне іргелес орналасқан Басықара, Жалантөс баатыр, К.Пірімов елді мекені, Шиелідегі М.Шоқай ауылы маңындағы газ тарту станциясы болатын. Бұл жұмыстарға республикадан 7,8 млрд, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 700 млн теңге бөлінген.

Нәтижесінде бытыр 589 шақырым газ құбыры тартылды. Қазалы ауданындағы бір қала мен үш ауыл, Шиелідегі Ақмая, Алғабас елді мекендері, Теренөзек кентіндегі кейбір газ құбыры бармаған көшелерге де «көгілдір отын» тартылып, барлығы 13 мың халық табиғи газды тұтына бастады.

АЛ БИЫЛ...

8,4 млрд теңге. Бұл — республикалық және облыстық бюджеттен аймақты газдандыруға бөлінген қаржы. Дұрысы, бұл қаражат ішінде 1-бет



каралады. Жалпы облыстағы газ тұтыну көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 38 пайызға артты. Бұл жерде «көгілдір отынның» 77 пайызын «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан алсақ, қалған 23 пайызы «Ақшабулақ-Қызылорда» магистральды газ құбыры арқылы жеткізіледі, — дейді Ерлан Жоламанов.

ТАБИҒИ ГАЗ НЕМЕСЕ ӘР ӨҢІРДІҢ КӨРСЕТКІШİN АЙТСАҚ

Арал ауданындағы 50 елді мекен болса, мұнда тек Арал қаласы мен Жаксыкылыш халқы ғана газ тұтынады. Бұл халық санына шаққанда 53 пайыздан сәл ғана асады. Ал Сексеуілдегі құбыр тарту құрылысы әлі жалғасуда.

Қазалыдағы көрсеткіш жаман емес. 73 пайыз. Биыл мұнда Абай ауылын газдандыру жобасы басталмақ. Жоба құны 373 млн теңгеден асады. Егер қаржысынан келергі болмай, құрылысы дер кезінде басталып, жыл соңына дейін бітсе, 200-ге жуық үй, 8 әлеуметтік нысан табиғи газбен қамтылады. Сондай-ақ ауданда «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында үш денсаулық сақтау нысанына газ кіргізу үшін 98,9 млн теңге қаралған. Тағы бір қуанышты жаңалық, «ЮГГаз-Проект» ЖШС демешілігімен Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол және У.Түктібаев ауылына магистральды газ құбырын жеткізу үшін жоба-сметалық құжат әзірленіпті. Бүгінде қаржыландыру үшін салалық министрлікке ұсынылған жобаның құны — 3 млрд 817 млн теңге. Аталған серіктестік қазір осы жобаның II кезеңі ретінде Қожабақы, Аралды, Жанкент, Бірлік елді мекендеріне жоба әзірлеп жатқан көрінеді.

Төретам кенті мен Ақай ауылындағы газ құбырын тарту жұмыстары биыл аяқталатынын айттық. Осы жұмыстармен қатар, тағы бір жаңалық бар. Ол Дүр Оңғар елді мекеніне дейін және ауылшаруашылық газ желісін тарту үшін 7 млрд теңгеден астам қаржыға бюджеттік өтімін тапсырылыпты. Бұл — осы ауданға қарасты Сырдария өзенінің арғы бетінде орналасқан 10 елді мекенді болашақта табиғи газбен қамтамасыз етуге әбден болады деген сөз.

Екі жыл бұрын газ құбыры тартылған Жалағашта әзірге аудан орталығы ғана «көгілдір отынды» пайдаланып отыр. Бытыр сараптамадан оң қорытынды алған Ақсу мен М.Шәменов ауылын газдандыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтім берілді. Кос елді мекенді қамтитын жобаның барлық құны 1 млрд 255 млн теңгеден асады.

Өткен жылы Сырдария ауданындағы Қалжан ахун, А.Токмағанбетов, С.Сейфуллин және Шаған елді мекенін газдандыру бойынша жобалар әзірленген еді. Ал биыл Қалжан ахун ау-

ылына құны 330,5 млн теңге болатын жоба қаражатының 297 млн теңгеден астамы бөлініпті. Қалған 33 млн теңге жергілікті бюджеттен берілмек. Қазір құрылыс жұмыстарын жүргізетін мердігер анықталған. Ол — «Ремстрой» ЖШС. Қалған үш ауылға қажетті қаржыны алу үшін облыстағы салалық басқарма арқылы 3,6 млрд теңгеге бюджеттік өтім беріліпті. Қосымша Н.Лиясов пен Ақжарма ауылына демешілер есебінен жоба-сметалық құжаттар әзірленуде.

Шиелі ауданына қарасты ауылдың көбісі орталыққа жақын. Тіпті, кентпен іргелес қоныстанған елді мекендер бар. Мұның өзі жергілікті жердегі инженерлік-инфрақұрылымдық жағдайды дұрыстауға көп септігін тигізуде. Жоғарыда айтқандай, газ құбырлары тартылып, әр ауылдағы тұрмыстық ахуал оңалып келеді. Бүгінге дейін Шиелі кентінен бөлек, алты елді мекен «көгілдір отын» келді. Атап айтсақ, Бидайкөл, Байсын, Н.Бекжанов, Ш.Қошаманов, Ақмая және Алғабас ауылының тұрғындары осындай игілікті істің қызығын көріп отыр.

Осы тақырыпқа орай, ауданда тағы бір қуанышты жаңалықтың лебі бар. Жалпы құны 1 млрд 62 млн теңге болатын, елді мекендерге газ тартуды қамтитын 4 жоба тиісті салалық министрлікке ұсынылыпты. Айттылар төрт жобада көрсетілген мақсат біреу-ақ. Ол — ауданға қарасты тағы да төрт ауылға газ құбырын тарту. Бұлар — Енбекші, Бестама, Досбол би және Жиделіарық ауылдары. Бұның ішінде биыл құрылысы бастау үшін Енбекші ауылына 270 млн теңгеден астам, Жиделіарыққа 172 млн теңге қаржы бөлінген. Сонымен қатар, ауданға қарасты Алматы мен Ә.Тәжібаев атындағы елді мекенге газ құбырын тарту үшін қажетті 1 млрд 710 мың теңгеге бюджеттік өтім беріліпті.

Бытыр Мұстафа Шоқай ауылы маңынан құны 2 млрд теңгеден асатын автоматты газ реттегіш станциясының құрылысы басталған еді. Бұған қосымша Тартоғай елді мекеніне демешілер есебінен, сонымен қатар Майлытоғай ауылы бойынша ішкі және сыртқы магистральды газ құбырларын тарту үшін жоба-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Бұл үшін аудандық бюджеттен 23 млн теңгеден аса қаражат бөлінген. Айттылар жобалар іске асқан жағдайда аудан халқының 85 пайызы газбен қамтылмақ.

Ал Жанакорғанда жобалардың көбісі биыл бітеді. Жақын күндері Бірлік пен Қыраш ауылының халқы «көгілдір отынға» қол жеткізсе, жыл соңында Шалкия кенті және үш ауыл — Жайылма, Кейден, Құттықожа елді мекенінің халқы осы табиғи байлықтың рахатын көрмек. Бұл жерде Төменарық ауылындағы құрылыс ғана 2024 жылға өтеледі.

Айта кетейік, аталған жеті аудан орталығындағы әлеуметтік нысандарды да «көгілдір отынмен» қамту жұмыстары қосымша атқарылып келеді.

Газға көшу экологиялық жағдайды жақсартуға оң әсер ететіні белгілі. От жағып, күл

шығармайтын қалалықтарға қызығатын ауылдағы ағайынға бұл дүние біртіндеп жетіп жатыр. Кейінгі бес жылда «көгілдір отынға» қол жеткізген ауылдар қатары көбейген.

СӨЗ СОҒЫ

Мақала басында айтқандай, көрсеткіш 70 пайыз. Бұл бытырғы көрсеткіш. Жыл аяғына дейін өзгеретіні сөзсіз. Аймақтағы халықты «көгілдір отынмен» қамту жағы осындай нәтижеге жетіп отыр. Әу баста облыс орталығы мен кейбір кент іші ғана газдандырылған болса, кейінгі жылдары қарқынның үдегені рас. Мысалы, 2015 жылға дейін тек облыс орталығы ғана табиғи газды пайдаланып келді. Ал 2014 жылы «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбыры пайдалануға беріліп, одан кейін аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендер «көгілдір отынға» біртіндеп қол жеткізе бастады. Бүгінде аймақта 4 қала, 6 аудан орталығы және 16 елді мекенге газ құбыры тартылып, ондағы жұрт игілігін көріп отыр.

Айтпақшы, жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясындағы бытыр тауар газына тапшылық туындағанын, бұл бүкіл еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қатер төндіре жаздағанын айтты.

«Мұндай келенсіздікке жол бермеу үшін нарықты газбен қамтамасыз ету керек. Қазақстанда газдың бағасы көрші мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда арзан. Шетелдегі сияқты әртүрлі тарифтерді бізге де енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн. Жалпы төмен тарифтер мен төмен бағалар экономикамызға теріс ықпал етеді. Бөлінген барлық субсидиялар көрші елдерге босқа кетеді. Қаншалықты қиын болса да, бұл мәселені біртіндеп шешу қажет. Басқа жол жоқ», — делі Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ әулім үйлерін күндіз-түні төмен тарифтегі бағамен жылытып отырғандарға газдың текше метрінің бағасы қымбаттырақ болуы керек. Президенттің пайымынша, әлеуметтік әділеттілік осындайда көрініс табады. Қазіргі геосаяси жағдайда қолда бар шикізатты тиімді қолдану маңызды. Арзан газды өндірісте, тұрмыста бей-берекет пайдаланудың уақыты өтті. Осы орайда Үкімет тауар газының энергетикалық тиімділігін арттыру және үнемді пайдалану жоспарын әзірлеуі керек.

Дейтұрағмен де талай жыл көмір жағып, ыс пен қою түтінін құрсауында отырған қарапайым халыққа газ пайдалануы тиімділік әкелетіні сөзсіз. Ең бастысы, жыл сайын газдандыру жұмысы қарқын алып, халықтың игілігі еселей түссе дейміз. Ауылдың тіршілігі қаланың қарымына иек артып, тұрмыс атаулы жана шипатқа көшсе, ондағы ағайын қуанбай қайтпай!?

